

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» фракциясының
депутатарына**

17.09.2021 ж. № ДЗ-268 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Сіздің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № ДЗ-268 сұрау салуыңызды қарап, тауарларға арналған ілеспе жүккұжатты (бұдан әрі – ТІЖ) ресімдеу жөніндегі проблемаларға қатысты мынаны хабарлайды.

ТІЖ енгізу тауарларды импорт сәтінен бастап бөлшек саудаға немесе экспортқа дейінгі өткізудің айқындығын және толассыз бақылауды қамтамасыз ету үшін көзделген және көлеңкелі тауар айналымының жолын кесуге бағытталған шара болып табылады, өйткені жалған жүк алушылардың, банкроттар мен таратылған компаниялардың атына құжаттарды ресімдеу, сондай-ақ тауарсыз мәмілелерді ресімдеу мүмкіндігі жойылады.

ТІЖ енгізуге біртіндеп көшу мақсатында 2021 жылдың басынан бастап ТІЖ ресімдеу бойынша Пилоттық жоба іске қосылды, оған бастапқы кезеңде неғұрлым дайындалған салық төлеушілер (акцизделетін өнімдер, «Виртуалды қойманы» пайдаланушылар) қосылған.

ТІЖ Пилоттық қолдану барлық процестерді реттеуге, салық төлеушілерден кері байланыс және ТІЖ-мен жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар алуға мүмкіндік береді, оларды қараудың нәтижелері бойынша іске асырылған функционал жетілдіріледі.

Осыған байланысты тұрақты негізде салық төлеушілердің өтініштері мен ұсыныстарына мониторинг жүргізіледі, оның барысында жақсарту нормалары қабылданады және тиісті әдіснамалық және техникалық пысықтаулар енгізіледі.

Бүгінгі күні ТІЖ акцизделетін тауарларға арналған ілеспе жүккұжаттарды: АӨІЖ (алкоголь өнімдеріне ілеспе жүккұжатты), МІЖ (мұнай өнімдеріне ілеспе жүккұжатты), ТӨІЖ (темекі өнімдеріне ілеспе жүккұжатты) алмастырды.

Салық төлеушілердің ұсыныстары бойынша ТІЖ ресімделген жағдайда Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына (3-2 Нысаны) тауарларды шетке беруге арналған жүкқұжатты ресімдеу жөніндегі талаптарды жою туралы өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, электрондық шот-фактуралардың (*бұдан әрі – ЭШФ*) және ТІЖ-нің мақсаттары әртүрлі екенін атап өту қажет. Мәселен, ТІЖ тауарларды өткізу мен сатуды сүйемелдейтін құжат болып табылады, оның көмегімен тауар айналымын бақылау қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, ЭШФ тауарға ілеспе құжат ретінде қолданыла алмайды, өйткені ол тауардың өткізілуін сүйемелдемейді.

Бұдан басқа, ЭШФ қаржы құжатты ретінде тауардың бір бірлігінің бағасы және тиеу күнінде әрдайым бола бермейтін тауарлардың жалпы құны бойынша ақпаратты қамтуға тиіс. Бұл ретте ТІЖ қаржылық мәліметтерді көрсетпей ресімделуі мүмкін.

ЭШФ-ны тауарды жеткізуші жазып береді, бұл ретте сатып алушы тарапынан дұрыс емес не заңсыз ресімделген ЭШФ-ны қабылдамауға мүмкіндік жоқ.

ТІЖ сатып алушыға:

– егер ТІЖ-да барлық мәліметтер дұрыс көрсетілген, сондай-ақ алған тауардың атауы мен мөлшері ТІЖ-дағы тауар бойынша деректермен сәйкес келген жағдайда ТІЖ-ны растауға;

– шарт бойынша мәліметтер дұрыс көрсетілмеген, тауар бойынша деректер сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ТІЖ сатып алушының атына сатып алушының шарттық қатынастары жоқ өнім берушіден келіп түскен жағдайда ТІЖ-дан бас тартуға мүмкіндік береді.

Тауарларды есептен шығаруға қатысты «Виртуалды қоймадан» тауарларды есептен шығару тауарларды сатуға арналған ТІЖ негізінде жүзеге асырылатынын хабарлаймыз, не қажет болған жағдайда тауарларды «Есептен шығару» нысаны бойынша есептен шығаруға болады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта ЭШФ АЖ-да «Шағын сауда нүктесі» санатындағы салық төлеушілер үшін «Виртуалды қоймадан» тауарларды автоматты түрде есептен шығару тетігі әзірленуде.

Бизнес өкілдерінің өтініші бойынша Пилоттың мерзімі акцизделетін тауарлар, Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкету бойынша, сондай-ақ «Виртуалды қойма» арқылы ЭШФ жазып беруге жататын тауарлар бойынша 2022 жылғы 1 сәуірге дейін ұзартылатынын қосымша хабарлаймыз.

Құрметпен,
Министр

Е. Жамаубаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
фракции «Ақ жол»**

На письмо № ДЗ-268 от 17.09.2021 г.

Уважаемые депутаты!

Министерство финансов Республики Казахстан, рассмотрев Ваш запрос от 17 сентября 2021 года № ДЗ-268, касательно проблем по оформлению сопроводительных накладных на товары (*далее – СНТ*), сообщает следующее.

Внедрение СНТ предназначено для обеспечения прозрачности и сквозного контроля перемещения товаров от момента импорта до розничной реализации или экспорта и является мерой, направленной на пресечение теневого товарооборота, поскольку исключается возможность оформления документов в адрес фиктивных грузополучателей, банкротов и ликвидированных компаний, а также оформление бестоварных сделок.

В целях плавного перехода к внедрению СНТ с начала 2021 года запущен Пилотный проект по оформлению СНТ, к которому на первоначальном этапе подключены наиболее подготовленные налогоплательщики (подакцизная продукция, пользователи «Виртуального склада»).

Пилотное применение СНТ позволяет отладить все процессы, получить от налогоплательщиков обратную связь и предложения по улучшению работы с СНТ, по результатам рассмотрения которых, реализованный функционал совершенствуется.

В этой связи на постоянной основе проводится мониторинг обращений и предложений налогоплательщиков, в ходе которых, принимаются улучшающие нормы и вносятся соответствующие методологические и технические доработки.

На сегодняшний день СНТ заменила сопроводительные накладные на подакцизные товары: СНА (сопроводительная накладная на алкогольную продукцию), СНН (сопроводительная накладная на нефтепродукты), СНТИ (сопроводительная накладная на табачные изделия).

По предложениям налогоплательщиков внесены изменения в Правила ведения бухгалтерского учета, об отмене требований по оформлению накладной на отпуск товаров на сторону (Форма З-2), в случае оформления СНТ.

Вместе с тем, необходимо отметить, что электронные счета-фактуры (далее – ЭСФ) и СНТ имеют разные цели. Так СНТ является документом, сопровождающим перемещение и реализацию товара, с помощью которого обеспечивается контроль за оборотом товаров. При этом, ЭСФ не может применяться в качестве товаросопроводительного документа, так как не сопровождает перемещение товара.

Кроме того, ЭСФ как финансовый документ должен содержать информацию по цене за единицу товара и общей стоимости товаров, которая не всегда имеется на дату отгрузки. При этом СНТ может оформляться без указания финансовых сведений.

ЭСФ выписывается поставщиком товара, при этом со стороны покупателя отсутствует возможность отклонить неправильно либо неправомерно оформленную ЭСФ.

СНТ позволяет покупателю:

– подтвердить СНТ в случае, если все сведения в СНТ указаны верно, а также наименование и количество полученного товара совпадает с данными по товару в СНТ;

– отклонить СНТ в случае неверного указания сведений по договору, несоответствия данных по товару, а также в случае, когда в адрес покупателя СНТ поступила от поставщика, с которым покупатель не имеет договорных отношений.

Относительно списания товаров сообщаем, что списание товаров с «Виртуального склада» осуществляется на основании СНТ на реализацию товаров, либо, в случае необходимости списать товары можно по форме «Списание».

Также, в настоящее время в ИС ЭСФ разрабатывается механизм автоматического списания товаров с «Виртуального склада» для налогоплательщиков с категорией «Малая торговая точка».

Дополнительно сообщаем, что по просьбам представителей бизнеса сроки Пилота продлеваются по подакцизным товарам, ввозу товаров на территорию Республики Казахстан, вывозу товаров с территории Республики Казахстан, а также по товарам, по которым ЭСФ подлежат выписке посредством «Виртуального склада» до 1 апреля 2022 года.

С уважением,
Министр

Е. Жамаубаев